

«Basel» сақтандыру компаниясы АҚ
Директорлар кеңесі
БЕКІТКЕН
2024 жылғы «10» қаңтар №01/24 хаттама

«Basel» сақтандыру компаниясы АҚ-ның
ТУРИСТЕРДІ МІНДЕТТІ САҚТАНДЫРУ
ҚАҒИДАЛАРЫ

Алматы қ., 2024 ж.

МАЗМҰНЫ:

1. Туристі міндетті сақтандырудың мақсаттары мен міндеттері. Негізгі ұғымдар
2. Сақтандыру объектісі
3. Шартқа отыру тәртібі
4. Шарттың қолданылу мерзімі мен орны
5. Шартты тоқтату негіздері
6. Сақтанушының, Сақтандырылушының құқықтары мен міндеттері
7. Сақтандырушының құқықтары мен міндеттері
8. Сақтандыру сомасын белгілеу тәртібі
9. Сақтандыру сыйлықақысының өлшемі
10. Сақтандыру сыйлықақысын төлеу тәртібі
11. Сақтандыру жағдайы
12. Сақтандыру төлемін төлеу талаптары мен тәртібі
13. Сақтандыру жағдайының басталғанын және шығын мөлшерін растайтын құжаттардың тізбесі
14. Залал келтірген тұлғаға кері талап қою құқығы
15. Сақтандырушыны сақтандыру төлемін төлеуден босату негіздері
16. Сақтандыру шартын электронды түрде жасасу және Сақтандыру жағдайларын реттеу тәртібі
17. Дауларды шешу тәртібі
18. Форс-мажор жағдайлары
19. Қосымша талаптар

Осы Туристі міндетті сақтандыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Туристі міндетті сақтандыру туралы» 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 513 - II Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі-заң) сәйкес әзірленді.

1. ТУРИСТІ МІНДЕТТІ САҚТАНДЫРУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ. НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР

- 1.1. Туристі міндетті сақтандырудың мақсаты – осы Қағидаларда көрсетілген сақтандыру жағдайлары деп танылған оқиғалар салдарынан күтпеген шығыстар туындаған жағдайда Сақтандырылған тұлғаның мүліктік мүдделерін сақтандыруды қамтамасыз ету.
- 1.2. Туристі міндетті сақтандырудың негізгі міндеттері:
 - Сақтандырылушының мүліктік мүдделерінің осы Заңда белгіленген мөлшерге және тәртіпке сай қорғалуын қамтамасыз ету;
 - әр туристке қатысты Шарт болған жағдайда туроператордың шығу туризмі саласындағы өз қызметін жүзеге асыруы;
 - туроператордың және турагенттің туристік қызмет көрсету қауіпсіздігін арттырудағы экономикалық мүдделілігі.
- 1.3. Сақтандырылушының мүліктік мүдделерін міндетті сақтандыруды шығу туризмі саласындағы туроператор жүзеге асырады.
- 1.4. Осы Қағидаларда келесі ұғымдар қолданылады:
 - 1) **Ассистанс** – ассистанс компанияның сақтандырылушыға сақтандыру жағдайының басталуы салдарынан техникалық, медициналық және өзге де жәрдемдесу арқылы көмекті ұйымдастыруы;
 - 2) **Ассистанс компания** – туристі міндетті сақтандыру шарты шеңберінде сақтандырушымен шетелге шығатын туристке (сақтандырылушыға) ассистанс беру туралы шарт жасасқан заңды тұлға;
 - 3) **Пайда алушы** – Шартқа сәйкес сақтандыру төлемінің алушысы болған тұлға;
 - 4) **Сақтандыру жағдайы** – орын алған кезде Шартта сақтандырылушыға /Пайда алушыға сақтандыру төлемін жүзеге асыру көзделген оқиға;
 - 5) **Сақтандыру омбудсманы** – «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сақтандыру нарығының қатысушылары арасындағы келіспеушіліктерді реттейтін өз қызметінде тәуелсіз жеке тұлға;
 - 6) **Сақтандыру сертификаты** – сақтандырылушыға қатысты жарамды сақтандыру қорғанысының болуын куәландыратын және жасалған Сақтандыру шартын (Сақтандыру полисін) растау үшін Сақтандырушы рәсімдеген сақтандыруға қабылданған сақтандыру тәуекелдері бойынша сақтандыру өтемінің талаптары туралы ақпаратты қамтитын құжат;
 - 7) **Сақтандыру сомасы** – сақтандыру нысаны сақтандырылған және сақтандыру жағдайы орын алғанда Сақтандырушының шекті жауапкершілік көлемін құрайтын ақша сомасы;
 - 8) **Сақтандыру сыйлықақысы** – Сақтандырушының Шартта көрсетілген мөлшерде Сақтандырылушыға/Пайда алушыға сақтандыру төлемін төлеу міндеттемелерін мойнына алғаны үшін Сақтанушы төлеуі тиіс ақша сомасы;
 - 9) **Сақтандыру төлемі** – сақтандыру жағдайы орын алғанда Сақтандырушы сақтандыру сомасы мөлшерінде Сақтандырылушыға/Пайда алушыға Сақтандырушы төлейтін ақша сомасы;
 - 10) **Сақтандырушы** – «жалпы сақтандыру» немесе «өмірді сақтандыру» саласында сақтандыру қызметін жүргізу құқығының лицензиясын алған, сақтандыру жағдайы орын алған кезде Сақтандырылған тұлғаға/Пайда алушыға сақтандыру Шартта белгіленген сома (сақтандыру сомасы) шегінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндетті сақтандыру ұйымы;
 - 11) **Сақтандырылушы** – шетелге шығатын турист;
 - 12) **Сақтанушы** – Сақтандырылушының пайдасына Сақтандырушымен Шартын жасасқан шығу туризмі саласындағы туроператор;
 - 13) **Турагент** – шығу туризмі саласында туроператор қалыптастырған туристік өнімді таныстыру және сату бойынша кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке немесе заңды тұлға;
 - 14) **Туристі міндетті сақтандыру** – осы Қағидаларда өрсетілген оқиғалар салдарынан күтпеген шығыстардың туындау тәуекеліне байланысты мүліктік мүдделерін қорғау жөніндегі қатынастар кешені.
 - 15) **Дерекқорды қалыптастыру және жүргізуді қадағалайтын ұйым** – Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» заңының және Қазақстан Республикасының сақтандырудың

міндетті түрлері бойынша заңнамалық актілерінің негізінде азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандырудың міндетті түрлері бойынша дерекқорды қалыптастыру мен жүргізуді жүзеге асыратын мемлекеттің қатысуы бар бейкомерциялық ұйым.

- 1.5. Туристі міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру полисін жасасқанын растау үшін сақтандырушы сақтанушыға сақтандырылушыға қатысты қолданыстағы сақтандыру бар екенін куәландыратын электронды нысандағы сақтандыру сертификатын рәсімдейді.
- 1.6. Сақтанушының немесе оның өкілінің Шарттағы қолтаңбасы оның Қағидалармен толық келісетінін растайды.

2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ

- 2.1. Туристі міндетті сақтандыру объектісі – осы Қағидаларда көрсетілген сақтандыру жағдайларының орын алуы салдарынан денсаулығына, өміріне зиян келген Сақтандырылушының мүлдітік мүддесі.

3. ШАРТ ЖАСАСУ ТӘРТІБІ

- 3.1 Туристі міндетті сақтандыру осы Қағидаларға, заңға және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес, сақтанушы мен сақтандырушының арасында сақтандырылушының пайдасына жасалатын шарт негізінде жүзеге асырылады
- 3.2 Сақтандырылушының ерікті сақтандыру шартын жасасуы, Сақтанушыны Шарт жасасу жөніндегі міндеттен босатпайды.
- 3.3 Шарт Сақтандырушының Сақтанушыға электрондық түрде сақтандыру полисін және Сақтандыру сертификатын беруі арқылы жасалады.
- 3.4 Шарт бойынша Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндеттенеді, ал Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде моральдық зиянды және жоғалған пайданы өтеуге, сондай-ақ тұрақсыздық айыбын төлеуге байланысты талаптарды қоспағанда, осы Қағидалардың талаптарын ескере отырып, жасалған Шарт негізінде Сақтандырылушыға (Пайда алушыға) сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндеттенеді.
- 3.5 Қазақстан Республикасы заңдарында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, Сақтандырушының Сақтанушымен Шарт жасасудан бас тартуға құқығы жоқ.
- 3.6 Шартты жасасу кезінде Сақтанушы уақытша болатын еліне (жеріне) және туристік қызмет көрсету шартында көрсетілген саяхаттау күндерінің санына байланысты осы Қағидаларда көзделген сақтандыру бағдарламаларының бірін таңдайды, ол бойынша Сақтандырушының шекті жауапкершілік көлемі (сақтандыру сомасын) және өтелуі тиіс шығыстардың түрлері, туристің өмірі мен денсаулығын сақтандыру бөлігінде халықаралық шарттарға және Сақтандырылушының уақытша болатын елінің (жерінің) заңнамасы талаптарына сәйкес келеді.
- 3.7 Сақтандыру сыйлықақысын есептеу және Сақтанушыны, Сақтандырылушыны сәйкестендіру үшін қажетті деректерді қамтитын Сақтанушының өтініші Шарт жасасуға негіз болады.
- 3.8 Шартта көрсетілуі тиіс талаптардың толық болмағаны үшін Сақтандырушы жауапты болады. Сақтандыру шарты бойынша оның жеке талаптарының толық болмауына байланысты дау туындаған жағдайда дау Сақтанушының пайдасына шешіледі.
- 3.9 Сақтанушы мыналарды тек турагент арқылы жасауға міндетті:
 - әрбір Сақтандырылушыға сақтандыру сертификатын беру;
 - Сақтандырылушының өтініші бойынша Сақтандыру полисін ұсыну.
- 3.10 Туристі міндетті сақтандыру бойынша Сақтандыру полисінің және Сақтандыру сертификатының мазмұны мен рәсімделуіне қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасында белгіленеді.
- 3.11 Егер шарт Сақтанушының және Сақтандырылушының жағдайын заңда көзделгендермен салыстырғанда нашарлататын шарттармен жасалса, онда сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы Сақтанушы мен Сақтандырылушының алдында заңда белгіленген шарттармен міндеттеме алады.
- 3.12 Электрондық нысанда шарт жасасу кезінде сақтандырушыға және интернет-ресурстарға қойылатын талаптар:
 - 1) Шарт электрондық нысанда жасалған кезде Сақтандырушының интернет-ресурсы Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) мен Сақтандырушы арасында электрондық ақпараттық ресурстармен алмасу үшін пайдаланылады.

- 2) Сақтанушыдан электрондық нысанда шарт жасасу үшін өтініш берген кезде мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану талап етілмейді.
 - 3) Электрондық нысанда шарт жасасу үшін пайдаланылатын сақтандыру ұйымдарының интернет-ресурстарының тізбесі деректер базасын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымның интернет-ресурсында орналастырылады.
 - 4) Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) мен Сақтандырушы арасында электрондық ақпараттық ресурстармен алмасу тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.
- 3.13 Сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалану арқылы Шарт жасасқан кезде Сақтандырушы мыналарды қамтамасыз етуге міндетті:
- 1) Сақтанушыға, Сақтандырылушыға Шарттың жасалғаны немесе оны жасасудан бас тарту туралы хабарламаны (бас тарту себептерін көрсете отырып) электрондық хабар түрінде дереу жіберу;
 - 2) Сақтанушының, Сақтандырылушының дерекқорды құру және жүргізу ұйымының ақпараттық жүйесі арқылы Шарт бойынша ақпаратты тексеру мүмкіндігі;
 - 3) Сақтанушының, Сақтандырылушыға Сақтандырушының интернет-ресурсына тәулік бойы кіру рұқсатын қамтамасыз ете отырып, Туристті міндетті сақтандыру шартын электрондық түрде сақтау;
 - 4) Сақтанушыға, Сақтандырылушыға:
 - мәліметтерді өзгерту, Шартты қайта рәсімдеу;
 - Шартты мерзімінен бұрын бұзу;
 - сақтандыру жағдайы орын алғаны туралы хабарлау үшін қажетті электрондық түрдегі ақпаратты (өтініштер, хабарламалар және (немесе) өзге де құжаттар, мәліметтер) жасап, Сақтандырушыға жіберу мүмкіндігін беру.
- 3.14 Шарт жасасу туралы хабарлама деректер базасын құру және жүргізу жөніндегі ұйымнан жіберіледі.
- 3.15 Шарт жасасу туралы хабарламаның реті мен мазмұнына қойылатын талаптарды өкілетті орган белгілейді.
- 3.16 Сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып Шарт жасасқан кезде осы Шарт, Шартта өзгесі қарастырылмаса, Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеген кезден бастап, Сақтандырушы ұсынған талаптарға сай жасалған болып саналады.
- 3.17 Сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып Шарт жасасқан кезде Сақтанушы Заңда қарастырылған сақтандыру талаптарымен танысқаннан кейін сақтандыру сыйлықақысын төлейді, ол осылайша өзіне ұсынылған талаптар бойынша осы қосылу шартын жасасуға келісімін бергендігін растайды.
- 3.18 Сақтандырушы тәулік бойы Сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып, Шарттарды жасасу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

4 ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ МЕН ОРНЫ

- 4.1 Шарт Сақтандырылушының Қазақстан Республикасының шекарасын кесіп өткені туралы шекаралық бақылау-өткізу пунктінің белгісін алған кезден бастап, Сақтанушы сақтандыру жарнасын төлегеннен кейін күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болады.
- 4.2 Шарттың қолданылу мерзімі туристік қызмет көрсету шартында көрсетілген сапар ұзақтығынан кем бола алмайды. Шарт Сақтандырылушы сақтандыру аумағынан шығатын кезде Қазақстан Республикасының шекарасын кесіп өткенге дейін, бірақ туристің шетелде рейстің кешігуіне байланысты қосымша мерзімде болған жағдайын қоспағанда, Шартта көрсетілген сақтандыру мерзімінің аяқталу күнінен кешіктірмей әрекет етеді.
- 4.3 Шарттың күші бірінші рет орын алған сақтандыру жағдайы бойынша тоқтатылмайды.
- 4.4 Сақтандырылушы Қазақстан Республикасынан тыс жерде болған кезде және туристік қызмет көрсету шарты бойынша саяхат күндерінің саны ұлғайған кезде Сақтанушы Сақтандырылушының уақытша болатын елде (жерде) болуының қосымша күндеріне жаңа шарт жасасады.
- 4.5 Шарттың қолданылу аумағы (сақтандыру аумағы) туристік қызметтерді көрсету аумағы болады.
- 4.6 Туристті міндетті сақтандыру бағдарламалары бойынша сақтандыру аумағы өкілетті органның нормативтік-құқықтық актісінде белгіленеді.
- 4.7 **Сақтандыру аумағынан алып тастауға жатады:**
 - 1) Қазақстан Республикасы өкілетті мемлекеттік органдары баруға ұсынбаған аумақтар;

- 2) Сақтандырылушының уақытша тұруға рұқсаты немесе сақтандыру аумағында 90 күннен астам үздіксіз болуға рұқсат беретін өзге құжаты бар мемлекеттер;
 - 3) Сақтандырылушы азаматы болып табылатын мемлекеттер.
- 4.8 Сақтандыру **аумағын** алып тастау туралы шарт сақтандыру аумағы шарт жасасқаннан кейін Шарттың 4.7-тармағының 1) тармақшасында көзделген алып тастауға жататын жағдайларда қолданылмайды.

5 ШАРТТЫ ТОҚТАТУ НЕГІЗДЕРІ

5.1. Шарт келесі жағдайларда күшін тоқтатады:

- 1) Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанда;
- 2) Шарт мерзімінен бұрын тоқтатылғанда;
- 3) Сақтандырушы Шартта белгіленген сақтандыру сомасы мөлшерінде сақтандыру төлемін (сақтандыру төлемдерін) төлеген кезде.

5.2. Шартты мерзімінен бұрын тоқтату:

- 1) Шарт Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген жағдайларда мерзімінен бұрын тоқтатылады.
- 2) Шарттың мерзімінен бұрын тоқтатылуы Сақтандырушының кінәсінен шарт талаптары орындалмағандықтан туындаса, соңғысы Сақтанушыға ол төлеген сақтандыру сыйлықақысын толық қайтарады. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көрсетілген мән-жайлар бойынша Шарт мерзімінен бұрын тоқтатылса, Сақтандырушы сақтандыру қолданылған уақытқа тең сақтандыру сыйлықақысының бөлігіне құқылы болады.

6. САҚТАНУШЫНЫҢ, САҚТАНДЫРЫЛУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

6.1. Сақтанушының құқықтары:

- 1) Сақтандырушыдан туристті міндетті сақтандыру талаптары мен тәртібін, Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттемелерін түсіндіріп беруді талап ету;
- 2) Шарттан туындайтын мәселелерді шешу үшін осы Қағидалардың 15-бабында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, Сақтандырушыға немесе сақтандыру омбудсманына немесе сотқа жүгіну;
- 3) өтінішті және оған қоса тіркелетін құжаттарды сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы немесе Сақтандырушы, оның ішінде филиалы, өкілдігі арқылы) жіберу;
- 4) «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, өтініш пен қоса беріліп отырған құжаттарды сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандырушы арқылы, оның ішінде оның филиалы, өкілдігі, өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшесі, интернет-ресурсы арқылы) жіберу.

6.2. Сақтанушының міндеттері:

- 1) тиісті лицензиясы бар Сақтандырушымен Шарт жасасу;
- 2) Шартта белгіленген мөлшерде, тәртіпке және мерзімге сай сақтандыру сыйлықақысын төлеу;
- 3) сақтандыру жағдайының орын алғаны өзіне белгілі болған кезден бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірмей бұл жөнінде Сақтандырушыға (ауызша, жазбаша) хабарлау. Ауызша хабарламалар кейіннен жазбаша түрде расталуы тиіс;
- 4) Шарт жасасқан кезде Сақтандырушыға Шарт жасасу үшін қажетті мәліметтерді беру.
- 5) Сақтандырылушылардың назарына осы Қағидалардың талаптарын жеткізу;
- 6) шығу туризмі саласындағы туроператор құрған, Сақтанушы туристік өнімді іске асырған тұлғаға Сақтандырушымен осы тұлға пайдасына Шарт жасасқаны туралы хабарлау.

6.3. Сақтандырылған тұлғаның құқықтары:

- 1) Шарт жасасу үшін Сақтандырушыны таңдау;
- 2) Сақтандыру сертификатын және қажет болған жағдайда сақтандыру полисін алу;
- 3) Сақтандырушыдан және (немесе) Сақтанушыдан туристті міндетті сақтандыру талаптары мен тәртібін, Сақтандыру полисінде және Сақтандыру сертификатында көрсетілген өз құқықтары мен міндеттерін түсіндіріп беруді талап ету;
- 4) Шарт бойынша қызметтерді көрсетпеу, жеткіліксіз немесе сапасыз көрсету жағдайлары туралы Сақтандырушыға хабарлау;

- 5) Сақтандырушы жасаған сақтандыру төлемінің сомасымен танысу;
- 6) Шарттан туындайтын мәселелерді шешу үшін осы Қағидалардың 15-бабында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, Сақтандырушыға немесе сақтандыру омбудсманына немесе сотқа жүгіну;
- 7) өтінішті және оған қоса тіркелетін құжаттарды сақтандыру омбудсманына (тікелей сақтандыру омбудсманына, оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы немесе Сақтандырушы, оның ішінде филиалы, өкілдігі арқылы) жіберу;
- 8) осы Қағидаларда көзделген жағдайларда сақтандыру төлемін алу;
- 9) жоғалған жағдайда Сақтандыру сертификатының телнұсқасын және қажет болған жағдайда Сақтандыру полисінің көшірмесін алу;

6.4. Сақтанушының міндеті:

- 1) Шарт жасасқан кезде Сақтанушыға Шарт жасасу үшін қажетті мәліметтерді беру;
 - 2) Сақтандыру полисінде және Сақтандыру сертификатында көрсетілген Шарттың талаптарымен танысу және оларды бұлжытпай орындау;
 - 3) Сақтандыру полисінің (бар болған жағдайда) және (немесе) Сақтандыру сертификатының және сақтандыру жағдайына қатысты растаушы құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету;
 - 4) сақтандыру жағдайынан болатын залалдарды азайту үшін шаралар қолдану;
 - 5) сақтандыру жағдайы орын алған кезде дереу жеке өзі немесе өкілі арқылы ассистанс компанияға Сақтандыру сертификатында көрсетілген кез келген қолжетімді байланыс әдістерімен оқиға туралы хабарлау, техникалық, медициналық және өзге де көмекті ұйымдастыру, іс-қимылдарды келісу және шығыстарды өтеу мақсатында ассистанс компанияның Сақтандыру сертификаты және (немесе) сақтандыру полисі туралы деректерді хабарлау;
 - 6) сақтандыру жағдайы орын алған кезде ассистанс компанияның, Сақтандырушының және басқа да құзыретті тұлғалардың, уақытша барған елінің (жерінің) билік органдарының ұсынымдарын, нұсқауларын орындау;
 - 7) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайынан келген залалдың сипаты мен көлемі туралы мән-жайларды анықтау үшін қажетті қолда бар құжаттарды беру;
 - 8) төтенше жағдайда медициналық көмек алған кезде және дәлелді себептерге байланысты сақтандыру жағдайының орын алғаны жөнінде ассистанс компанияны дереу хабардар ету мүмкін болмаған кезде, ассистанс компанияға 2 (екі) күн ішінде немесе мүмкіндік туған бойда болған оқиға жөнінде дереу хабарлау;
 - 9) Сақтандырушының талабы бойынша шет тіліндегі құжаттарды нотариус куәландырған қазақ немесе орыс тілдеріндегі аудармасымен ұсыну;
 - 10) сақтандыру жағдайының туындауына жауапты тұлғаға кері талап қою құқығының Сақтандырушыға өтуін қамтамасыз ету.
- 6.5. Шартта Сақтанушының және Сақтандырылушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне қайшы келмейтін өзге де құқықтары мен міндеттері қарастырылуы мүмкін.

7. САҚТАНДЫРУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

7.1. Сақтандырушының құқықтары:

- 1) Шарт жасасқан кезде Сақтанушыдан Шартқа енгізу үшін қажетті Сақтандырылушы туралы ақпаратты ұсынуды талап ету;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдардан олардың құзыретіне қарай сақтандыру жағдайының орын алу фактісіне және сақтандыру жағдайының орын алу салдарынан келген залал мөлшерін айқындайтын құжаттар мен мәліметтерді сұрату;
- 3) Сақтандырылушының осы Қағидаларда көрсетілген сақтандыру жағдайларының орын алуы салдарынан келген зиянды өтеу туралы талаптарына байланысты мәселелерді шешуге қатысу;
- 4) осы Қағидалардың 13-бабында қарастырылған жағдайларда зиян келтіруге жауапты тұлғаға кері талап қою құқығын ұсыну;
- 5) осы Қағиданың 14-бабында көрсетілген негіздер бойынша сақтандыру төлемін толық немесе ішінара төлеуден бас тарту.

7.2. Сақтандырушының міндеттері:

- 1) Сақтанушыға міндетті сақтандыру талаптарын және тәртібін, оның ішінде Шарттан туындайтын тараптардың құқықтары мен міндеттерін таныстыру;
 - 2) Шарт жасасу кезінде Сақтандыру полисін және Сақтандыру сертификатын рәсімдеу;
 - 3) шарт бойынша сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңінде басталған сақтандыру жағдайы (сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиға) туралы хабарлаған кезде оны дереу тіркеуге және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес Деректер базасын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымға осы сақтандыру жағдайы (сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиға) бойынша мәліметтерді ұсыну;
 - 4) сақтандыру жағдайы басталған кезде осы Қағидаларда көзделген тәртіппен және шарттарда сақтандыру төлемін жүргізу;
 - 5) сақтандыру жағдайының басталу фактісін және Сақтандырушының өтеуге жататын зиянның мөлшерін растайтын құжаттар жеткіліксіз болған кезде оларды алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жетіспейтін және (немесе) дұрыс ресімделмеген құжаттардың толық тізбесін көрсете отырып, бұл туралы өтініш берушіге хабарлау;
 - 6) Сақтанушыдан, Сақтандырылушыдан, Сайда алушыдан өтініш алған кезде Сақтанушының, Сақтандырылушының, Пайда алушының талаптарын қарауға және 5 (бес) жұмыс күні ішінде дауды одан әрі реттеу тәртібін көрсете отырып, жазбаша жауап беру;
 - 7) Сақтанушыдан, Сақтандырылушыдан, Пайда алушыдан сақтандыру омбудсманына жолданатын өтінішті алған кезде осы өтінішті, сондай-ақ оған қоса берілетін құжаттарды сақтандыру омбудсманына алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде қайта жолдау;
 - 8) Сақтандырылушыдан осы Қағидалардың 12-бабында көзделген құжаттарды алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындауға және Сақтандырылушыға танысуға ұсыну;
 - 9) сақтандыру құпиясын қамтамасыз ету;
 - 10) Сақтандырылушыға сақтандыру жағдайы кезінде шығындарды болғызбау немесе азайту мақсатында шеккен шығыстарын өтеу;
 - 11) Шарт шеңберінде ассистансты қамтамасыз етуге міндеттенетін бір және (немесе) бірнеше ассистанс компанияларымен шарттар жасасу.
- 7.3. Шартта Сақтанушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне қайшы келмейтін өзге де құқықтары мен міндеттері қарастырылуы мүмкін.

8. САҚТАНДЫРУ СОМАЛАРЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ

- 8.1. Сақтандыру бағдарламалары бойынша Сақтандырушының жауапкершілігінің (сақтандыру сомасының) шекті мөлшері, әрбір сақтандыру жағдайы бойынша өтелуі тиіс шығыс түрлері:

Р/б №	Сақтандыру жағдайы деп танылған оқиғалар және өтелуі тиіс шығыс түрлері	Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті мөлшері (сақтандыру сомасы) (АҚШ доллары/Еуро)		
		1-бағдарлама	2-бағдарлама	3-бағдарлама
1	Жазатайым оқиға:			
1.1	стационарлық және амбулаторлық емдеуге жұмсалған шығыстар, оның ішінде медициналық қызметтерге, емдеуші дәрігер тағайындаған диагностикалық зерттеулерге, дәрі-дәрмектерге, таңғыштарға және бекіту құралдарына (гипс, бандаж) жұмсалған шығыстар; Сақтандырылушы төтенше және шұғыл жағдайлар кезінде медициналық мекемеге жеткізуге арналған шығыстар; уақытша тұратын елден (жерден) Қазақстан Республикасына шұғыл медициналық тасымалдауға арналған шығыстар, оның ішінде медициналық персоналдың бірге жүруіне байланысты шығыстар (Сақтандырылушы	10 000	30 000	50 000

	Қазақстан Республикасының аумағындағы тұрғылықты жеріне өз бетімен оралуы медициналық себептерге байланысты мүмкін болмаған жағдайда); денені ашуға, бальзамдауға және оның мәйітханада болуына, табыт сатып алуға, Қазақстан Республикасының аумағына тасымалдау үшін құжаттарды ресімдеуге арналған шығыстарды қоса алғанда, күлі бар урнаны немесе мәйітті (қалдықтарды) қайтаруды ұйымдастыруға арналған шығыстар.			
1.2	жазатайым оқиға салдарынан жарақат алу нәтижесінде стоматологиялық тексеруге, рентгенге түсіруге, тістерді жұлдыруға немесе пломбалауға жұмсалған шығыстар.	100	300	300
1.3	емдеуші дәрігер немесе ассистанс компанияның медициналық өкілі Сақтандырылушының денсаулық ахуалы ауыр, өміріне қауіпті деп бағалайтын болса және медициналық мекемеде болу мерзімі он күнтізбелік күннен асатын болса, жалғыз немесе кәмелетке толмаған балаларымен бірге саяхаттаушы Сақтандырылушының стационарлық емдеу мекемесіне баруға бір жақын туысының жол жүру құжатына (билетіне) жұмсалатын шығыстар.	800	1 000	1 200
1.4	Сақтандырылушымен болған сақтандыру жағдайының нәтижесінде сақтандыру аумағында қараусыз қалған Сақтандырылушының кәмелетке толмаған балаларын, егде жастағы жақын туыстарын тасымалдауға ақы төлеуге арналған шығыстар.	800	1 000	1 200
1.5	Сақтандырушыға, ассистанс компанияға жолданған хабарламаларға, телефон қоңырауларына және басқа байланыс қызметтеріне жұмсалған шығыстар; Сақтандырылушының ауруханадан шыққан күнінен бастап, оның Қазақстан Республикасының аумағына шығып кеткен күніне дейін, бірақ бес күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде қонақүйде тұруы үшін ақы төлеуге жұмсалған шығыстар; жол жүру құжаттарын жоюға немесе айырбастауға байланысты шығыстар; қонақүйде брондалған нөмірінен бас тартуға, сондай-ақ сақтандырылған тұлғаға шетелде болу уақытының пайдаланылмаған бөлігі үшін көрсетілетін басқа да туристік қызметтерге байланысты шығыстар.	800	1 000	1 200
2.	Сақтандырылушының денсаулығына едәуір зиян келуінің алдын алу немесе өміріне төнетін қауіпті жою мақсатында төтенше және шұғыл медициналық көмек көрсетуді қажет ететін кенеттен болған жіті ауру, денсаулық жағдайының күрт нашарлауы және (немесе) созылмалы аурудың қозуы:			

2.1	стационарлық және амбулаторлық емдеуге жұмсалған шығыстар, оның ішінде медициналық қызметтерге, емдеуші дәрігер тағайындаған диагностикалық зерттеулерге, дәрі-дәрмектерге, таңғыштарға және бекіту құралдарына (гипс, бандаж) жұмсалған шығыстар; Сақтандырылушыны төтенше және шұғыл жағдайлар кезінде медициналық мекемеге жеткізуге арналған шығыстар; Шет елден Қазақстан Республикасына шұғыл медициналық тасымалдауға шығыстары, оның ішінде медициналық персоналдың бірге жүруіне байланысты шығыстар (Сақтандырылушы Қазақстан Республикасының аумағындағы тұрғылықты жеріне өз бетімен оралуы медициналық себептерге байланысты мүмкін болмаған жағдайда); өліктің күлі салынған сауытты немесе мәйітті (сүйегін) елге қайтаруды ұйымдастыруға, оның ішінде мәйітті союға, бальзамдауға және оны мәйітханада ұстауға, табыт сатып алуға, Қазақстан Республикасы аумағына тасымалдау үшін құжаттарды рәсімдеуге жұмсалған шығыстар.	10 000	30 000	50 000
2.2	амбулаторлық емделуге арналған шығыстар, оның ішінде Сақтандырылушыға медициналық қызмет көрсету, оны жүктілік кезіндегі асқынулар жағдайында төтенше және шұғыл жағдайларға байланысты медициналық мекемеге тасымалдауға жұмсалған шығыстар.	300	500	600
2.3	емдеуші дәрігер немесе ассистанс компанияның медициналық өкілі Сақтандырылушының денсаулық ахуалы ауыр, өміріне қауіпті деп бағалайтын болса және медициналық мекемеде болу мерзімі он күнтізбелік күннен асатын болса, жалғыз немесе кәмелетке толмаған балаларымен бірге саяхаттаушы Сақтандырылушының стационарлық емдеу мекемесіне баруға бір жақын туысының жол жүру құжатына (билетіне) жұмсалатын шығыстар.	800	1 000	1 200
2.4	Сақтандырылушымен болған сақтандыру жағдайының нәтижесінде сақтандыру аумағында қараусыз қалған Сақтандырылушының кәмелетке толмаған балаларын, егде жастағы жақын туыстарын тасымалдауға ақы төлеуге арналған шығыстар.	800	1 000	1 200
2.5	Сақтандырушыға, ассистанс компанияға жолданған хабарламаларға, телефон қоңырауларына және басқа байланыс қызметтеріне жұмсалған шығыстар; Сақтандырылушының ауруханадан шыққан күнінен бастап, Қазақстан Республикасының аумағына шығып кеткен күніне дейін, бірақ бес күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде қонақүйде тұруы үшін ақы төлеуге жұмсалған шығыстар;	800	1 000	1 200

	жол жүру құжаттарын жоюға немесе айырбастауға байланысты шығыстар; қонақүйде брондалған нөмірінен бас тартуға, сондай-ақ Сақтандырылушыға шетелде болу уақытының пайдаланылмаған бөлігі үшін көрсетілетін басқа да туристік қызметтерге байланысты шығыстар.			
--	---	--	--	--

- 8.2. Сақтандырушының жауапкершілігінің шекті мөлшері (сақтандыру сомасы) Америка Құрама Штаттарының (бұдан әрі АҚШ) долларымен белгіленеді. Сақтандыру төлемінің сомасын есептеу үшін сақтандыру төлемі жасалған күнгі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген АҚШ долларының бағамы пайдаланылады.
- 8.3. Халықаралық шарттарда, уақытша болған елінің (жерінің) заңнамасында, Шартта көзделген жағдайларда Сақтандырылушының өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу үшін Сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемдері еуромен белгіленеді.
- 8.4. Егер Сақтандырылушының залалдарды болдырмау немесе азайту мақсатында жұмсаған шығыстары Сақтандырушының нұсқауларын орындау үшін қажет болса немесе жасалса, Сақтандырушы тиісті шаралардың сәтсіз болғанына қарамастан, осындай шығындарды өтеуі тиіс.
- 8.5. Мұндай шығыстар нақты мөлшерде өтеледі, бұл ретте сақтандыру төлемі мен шығыстардың өтемақысының жалпы сомасы шартта белгіленген сақтандыру сомасынан аспауға тиіс. Егер шығыстар Сақтандырылушының сақтандырушының нұсқауларын орындауы нәтижесінде туындаса, олар шарт бойынша оған тиесілі сақтандыру сомасына қарамастан толық мөлшерде өтеледі.
- 8.6. Аталған шығыстарды Сақтандырушы оларды тікелей шеккен тұлғаға өтейді.

9. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫНЫҢ ӨЛШЕМІ

- 9.1. Шарт бойынша сақтандыру сыйлықақысының мөлшері әрбір Сақтандырылушыға әр күні үшін бөлек есептеледі және Шарт жасасқан күні Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген АҚШ долларының бағамына сәйкес бір сапар үшін мынадай мөлшерді құрайды:

Сапар шегу күндерінің саны	1-бағдарлама	2-бағдарлама	3-бағдарлама
10-ға дейін	1,12	1,51	1,83
11-ден 20-ға дейін	1,12	1,48	1,70
21-ден 40-қа дейін	1,12	1,43	1,59
41-ден 60-қа дейін	1,03	1,40	1,53
61-ден 90-ға дейін	1,03	1,35	1,48
91-ден жоғары	0,95	1,30	1,40

- 9.2. Сақтандыру сыйлықақысын есептеу мақсатында Сақтандырылушының уақытша тұрған елінің (жерінің) аумағында болған күндерінің саны (мерзімі), соның ішінде жолда болған уақыты пайдаланылады.
- 9.3. Шартта Сақтандырылушының өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу бойынша Сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемін халықаралық шарттарда, уақытша тұратын елдің (жердің) заңнамасында көзделген жағдайларда еуромен белгіленген кезде, сақтандыру сыйлықақысының мөлшері әрбір Сақтандырылушы үшін бөлек есептеледі және жоғарыда көрсетілген мөлшерде Шарт жасалған күні Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген айырбастау бағамы бойынша есептелген еуроны құрайды.
- 9.4. Шарт жасасқан кезде осы баптың 1-тармағында көзделген сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін Сақтандырушы сақтандыру тәуекелін бағалау нәтижелеріне сәйкес, бірақ екі еседен аспайтын мөлшерге ұлғайтуы мүмкін.

10. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫН ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

- 10.1. Сақтандыру сыйлықақысын Сақтанушы бір төлеммен төлейді.

- 10.2. Сақтандырушы сақтандыру сыйлықақысын Сақтандырушының интернет-ресурсы арқылы қолма-қол ақшасыз төлеу мүмкіндігін береді.

11. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ

- 11.1. Шарт күшіне енгеннен кейін орын алған келесі оқиғалар сақтандыру жағдайы деп танылады:
- 1) сақтандыру аумағында болып, Сақтандырылушы қаза болған немесе оның денсаулығына зиян келтіруге әкеп соққан жазатайым оқиға.
 - 2) Жазатайым оқиға Сақтандырылушыға қатысты кенеттен, күтпеген жерден, байқаусызда сырттан болған оқиғаны немесе әсерді білдіреді;
 - 3) Сақтандырылушының денсаулығына едәуір зиян келуінің алдын алу немесе өміріне төнетін қауіпті жою мақсатында төтенше және шұғыл медициналық жәрдем көрсетуді қажет ететін кенеттен болған жіті ауру, денсаулық жағдайының күрт нашарлауы және (немесе) созылмалы аурудың қозуы.
- 11.2. Сақтандыру төлемінің мөлшерін Сақтандырылушы немесе ассистанс компания ұсынған шығыстарды растайтын құжаттардың негізінде Сақтандырылушының нақты шығыстарының сомасын негізге ала отырып Сақтандырушы белгілейді.

12. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ТӨЛЕУ ТАЛАПТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ

- 12.1. Сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талапты Сақтандырылушы немесе ассистанс компания Сақтандырылушыға ассистанс көрсету кезінде сақтандыру төлемін жасау үшін қажетті құжаттарды қоса тіркей отырып, жазбаша түрде ұсынады.
- 12.2. Өтініш берушінің қалауы бойынша сақтандыру төлемі туралы талап сақтандыру төлемін жасауға қажетті құжаттарды қоса бере отырып, электрондық көшірмелер немесе электрондық құжаттар түрінде жолдануы мүмкін. Бұл ретте электрондық түрдегі сақтандыру төлемі туралы талап өтініш берушіні Сақтандырушының орналасқан жері бойынша құжаттардың түпнұсқасын ұсыну міндетінен босатпайды.
- 12.3. **Сақтандыру төлемі туралы өтінішке келесі құжаттар ұсынылады:**
- 1) сақтандыру жағдайының басталуы және Сақтандырылушының шұғыл жағдайда бұл туралы ескертусіз медициналық көмек алуы салдарынан Сақтандырылушының шығыстарын дәлелді себептермен оның Қағидалардың 13-бөлімінде көзделген құжаттарды алған күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірмей өтеу;
 - 2) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен ассистанспен компанияның келісімі бойынша Сақтандырылушыға медициналық және өзге де мекеме көрсеткен қызметтердің құнын төлеу.
- 12.4. Сақтандыру төлемінің мөлшерін шарт тараптары немесе Пайда алушы даулаған жағдайларда Сақтандырушы сақтандыру төлемін Қағидалардың 12.3-тармағының 1) тармақшасында белгіленген мерзім ішінде көрсетілген тұлғалардың ешқайсысы дауламайтын бөлігінде жүзеге асыруға міндетті.
- 12.5. Егер сот шешімді дереу орындауға жүгінбесе, сақтандыру төлемінің даулы бөлігін Сақтандырушы бітімгершілік келісім туралы соттың ұйғарымы немесе осы дау бойынша сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде төлеуге тиіс.
- 12.6. Шарттың қолданылу кезеңінде келтірілген зиян үшін сақтандыру төлемі туралы талап Сақтандырушыға сақтандыру жағдайы басталған сәттен бастап 3 (үш) жыл ішінде қойылуы мүмкін.
- 12.7. Сақтандыру төлемін уақтылы жүзеге асырмаған кезде Сақтандырушы Сақтандырылушыға / Пайда алушыға Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде (Жалпы бөлім) белгіленген тәртіппен және мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлеуге міндетті.
- 12.8. Сақтандыру жағдайының басталуын, сондай-ақ келтірілген залалды дәлелдеу сақтанушыға жүктеледі.

13. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛҒАНЫН ЖӘНЕ ШЫҒЫН МӨЛШЕРІН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТІЗБЕСІ

- 13.1. **Сақтандыру төлемі туралы өтінішке мынадай құжаттар ұсынылады:**
- 1) Қазақстан Республикасының шекарасынан өту туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі аумақтық бөлімшесінің құрылымдық бөлімшесінің белгілері бар жеке

басын куәландыратын құжаттың немесе Сақтандырылушының паспортының және (немесе) Сақтандырылушының сақтандыру аумағында болуына негіз болып табылатын құжаттың көшірмесі;

- 2) сақтандыру жағдайының басталу фактісін және Сақтандырылушының өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянның мөлшерін растайтын құжаттың түпнұсқасы немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі, оның ішінде;
 - 3) медициналық мекеме мен дәрігердің мекенжайы мен байланыс деректері көрсетілген, медициналық көмекке жүгіну күні, медициналық көмекке жүгіну сәтіндегі Сақтандырылушының денсаулық жағдайы, диагнозы, дәрігердің тағайындалуы (рецепті) туралы, жүргізілген медициналық манипуляциялар және саны, күні мен құны бойынша бөлініп берілген дәрілік заттар туралы мәліметтерді қамтитын медициналық құжаттар;
 - 4) сомасын, валютасын, төлем күнін көрсете отырып, сақтандыру жағдайының туындауы салдарынан Сақтандырылушыға көрсетілген медициналық және өзге де қызметтерге ақы төлеу фактісін растайтын құжаттар;
 - 5) тауарлар мен қызметтерге ақы төлеу фактісін растайтын құжаттар (тауар чектері, шот-фактуралар, төлем туралы түбіртектер және өзге де құжаттар) олардың атауын, саны мен құнын көрсете отырып;
 - 6) Сақтандырылушының психоактивті затты пайдалану фактісін және мас болу жай-күйін анықтау жөніндегі медициналық құжаттар жазатайым оқиға кезінде ұсынылады;
 - 7) жазатайым оқиға фактісін және оның орын алу мән-жайларын растайтын құқық қорғау, сот және өзге де құзыретті органдардың құжаттары жазатайым оқиға кезінде ұсынылады;
 - 8) қайтыс болу туралы куәліктің немесе хабарламаның көшірмесі, сот-медициналық сараптаманың қорытындысы немесе патологиялық-анатомиялық ашу хаттамасы Сақтанушы қайтыс болған жағдайда ұсынылады;
 - 9) жол жүру құжаттарының (билеттердің, отырғызу талондарының) күшін жоюды немесе айырбастауды, қонақүйде брондалған нөмірден, сондай-ақ Сақтандырылушыға шетелде болу мерзімінің пайдаланылмаған бөлігі үшін ұсынылған басқа да туристік қызметтерден бас тартуды растайтын құжаттар уақытша болатын елде (жерде) неғұрлым ұзақ болу не республика аумағына мерзімінен бұрын оралу мәжбүр болған кезде ұсынылады Қазақстан сақтандыру жағдайының басталуына байланысты;
 - 10) жол жүру құжаттары (билет, отырғызу талондары) - Сақтандырылушының кәмелетке толмаған балаларын және (немесе) жақын туыстарын тасымалдау кезінде;
 - 11) сақтандыру сертификатында немесе сақтандыру полисінде көрсетілген телефон нөмірлері бойынша Сақтандырушыға және компанияның асистиансына телефон қоңырауларының, хабарламалардың жүзеге асырылуын растайтын құжаттар;
 - 12) шығындарды болғызбау және азайту жөнінде шаралар қабылдауға байланысты шығыстарды растайтын құжаттар;
 - 13) Пайда алушының жеке басын және құқықтарын растайтын құжаттар - қажет болған жағдайда.
- 13.2. Құжаттарды қабылдаған Сақтандырушы өтініш берушіге ұсынылған құжаттардың толық тізбесін және олардың қабылданған күнін көрсете отырып анықтама беруге міндетті.
 - 13.3. Өтініш беруші сақтандыру төлемі туралы өтінішті электрондық тәсілмен жіберген жағдайда Сақтандырушы осы анықтаманы электрондық нысанда ұсынады.
 - 13.4. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру кезінде Сақтандырушы Сақтандырылушыдан / Пайда алушыдан оның Сақтандырушыға талап қою құқығын шектейтін шарттарды қабылдауды талап етуге құқылы емес.
 - 13.5. Сақтандырылушы айқындаған тұлға Пайда алушы болып табылады, ал Сақтандырылушы қайтыс болған жағдайда оның мұрагерлері болып табылады.

14. ЗАЛАЛ КЕЛТІРГЕН ТҰЛҒАҒА КЕРІ ТАЛАП ҚОЮ ҚҰҚЫҒЫ

- 14.1. Сақтандыру төлемін төлеген Сақтандырушыға төленген сома шегінде Сақтандырылушының өмірі мен денсаулығына зиян келтіруге кінәлі тұлғадан кері талап ету құқығы өтеді.

15. САҚТАНДЫРУШЫНЫ САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМІН ТӨЛЕУДЕН БОСАТУ НЕГІЗДЕРІ

- 15.1. Сақтандыру оқиғасы келесі жағдайлардың салдарынан орын алса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеуден толық немесе ішінара бас тартуға құқылы:
- 1) Сақтандырылушының сақтандыру оқиғасын тудыруға бағытталған не болмаса оның орын алуына себепші болатын қасақана әрекеттері;
 - 2) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылықтар деп танылған Сақтандырылушының / Пайда алушының іс-әрекеттері;
- 15.2. Сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуына мыналар негіз болуы ықтимал:
- 1) Сақтандырылушының залал келтіргені үшін кінәлі адамнан залалдың тиісті өтемін алуы;
 - 2) еңсерілмейтін күш мән-жайлары;
 - 3) нақты келтірілген шығыстар негізге алына отырып ұсынылатын әрбір жеке сақтандыру жағдайы бойынша құжаттарды қоспағанда, Сақтандырылушының Сақтандырушыға осы Қағидалардың 13-бөліміне сәйкес сақтандыру төлемі туралы өтінішке қоса берілетін құжаттарды толық көлемде ұсынбауы;
 - 4) Сақтандырушының сақтандыру сомасы мөлшерінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруы;
 - 5) қажетті қорғаныс және аса қажеттілік жағдайында жасалған іс-әрекеттерді қоспағанда, Сақтанушының, Сақтандырылушының және (немесе) Пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына бағытталған не оның басталуына ықпал ететін қасақана іс-әрекеттері;
 - 6) Сақтанушының, Сақтандырылушының және (немесе) Сайд алушының Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайына себеп-салдарлық байланыстағы қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық деп танылған әрекеттері.
 - 7) Сақтандырылушының кәсіптік спортпен шұғылдануы;
 - 8) Сақтандырылушының келесі жағдайлардан басқа, ауыр дәрежедегі алкогольдік мас күйінде, сондай-ақ есірткілік немесе уытты мас күйінде болуы салдарынан болған оқиғалар:
 - емдеуші дәрігердің нұсқауы бойынша дәрілік заттарды қолдану;
 - құқық қорғау органы және (немесе) сот белгілеген есірткі, уытты заттарды мәжбүрлеп пайдалану не оларды күштеп енгізу;
 - Сақтандырылушының Қазақстан Республикасына уақытша болатын елден (орыннан) медициналық тасымалдаудан ерікті түрде бас тартуы немесе Сақтандырылушының сақтандыру жағдайы бойынша жүгінуіне байланысты алған емдеуші дәрігердің нұсқамаларын орындауы.
- 15.3. Сақтандыру төлемінен бас тарту үшін негіздер болған кезде сақтандырушы осы Қағидалардың 13-бөлімінде көзделген құжаттарды алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде сақтандыру төлемі туралы өтініш берген тұлғаға бас тарту себептерін дәлелді негіздей отырып және Сақтанушының (Сақтандырылушының, Пайда алушының) Қазақстан Республикасы заңнамасының ерекшеліктерін ескере отырып, келіспеушіліктерді реттеу үшін сақтандыру омбудсманына жүгіну құқығы туралы хабардар ете отырып, жазбаша нысанда сақтандыру төлемінен толық немесе ішінара бас тарту туралы тиісті шешім жіберуге міндетті.
- 15.4. Сақтандырушы осы бапта қарастырылмаған негіздер бойынша сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуға құқылы емес.

16. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЭЛЕКТРОНДЫ ТҮРДЕ ЖАСАСУ ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫН РЕТТЕУ ТӘРТІБІ

- 16.1. Электрондық ақпараттық ресурстарды алмасу арқылы электронды нысанда сақтандыру шартын жасасу және ол бойынша сақтандыру жағдайларын реттеу үшін сақтандырушының интернет-ресурсы және (немесе) ақпараттық жүйесі пайдаланылады.
- 16.2. Сақтандыру шартын электрондық нысанда жасасу және сақтандыру жағдайын реттеу үшін өтініш берген кезде сақтанушыдан мамандандырылған бағдарламалық жасақтаманы пайдалану талап етілмейді.

- 16.3. Сақтандыру шартын жасасу және ол бойынша сақтандыру жағдайларын реттеу үшін электрондық ақпараттық ресурстарды алмасу тәртібі уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалады.
- 16.4. Сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып, Сақтандыру шартын жасасу және ол бойынша сақтандыру жағдайларын реттеу кезінде сақтандырушы:
- 1) сақтанушыға сақтандыру шартын жасасу не одан бас тарту (бас тарту себептерін көрсете отырып) туралы электрондық хабарламаны дереу жөнелтуді;
 - 2) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген тәртіппен электрондық хабарлама түрінде сақтанушыны (сақтандырылушыны) реттеу үшін құжаттарды қабылдаудан бас тартуды (бас тарту себептерін көрсете отырып) қоса алғанда, сақтандыру жағдайын реттеу процесінің негізгі кезеңдері туралы хабардар етуді;
 - 3) сақтанушының (сақтандырылушының) Сақтандырушының интернет-ресурсында жасалған сақтандыру шарты бойынша ақпаратты тексеру мүмкіндігін;
 - 4) Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) үшін Сақтандырушының интернет-ресурсына тәулік бойы қолжетімділікті қамтамасыз ете отырып, электрондық нысанда сақтандыру шартын және ол бойынша сақтандыру жағдайы жөніндегі ақпаратты сақтауды;
 - 5) сақтанушыға (сақтандырылушыға, пайда алушыға) төмендегі әрекеттерді жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты (өтініштерді, хабарламаларды және (немесе) өзге де құжаттарды, мәліметтерді) электрондық түрде құру және сақтандырушыға жіберу мүмкіндігін қамтамасыз етеді:
 - сақтандыру шартын жасасу;
 - сақтандыру шартын қайта жасасу, мәліметтерді өзгерту;
 - сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзу;
 - сақтандыру жағдайының (сақтандыру жағдайы ретінде қаралатын оқиғаның) басталғаны туралы хабарлау;
 - келтірілген зиянның мөлшерін анықтау;
 - сақтандыру төлемін алу;
 - 6) -сақтандыру шартын жасасу және ол бойынша сақтандыру жағдайларын реттеу туралы хабарлама дерекқорын қалыптастыру және жүргізу жөніндегі ұйымнан жіберіледі.
 - 7) Егер сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, электрондық ақпараттық ресурстарды алмасу арқылы сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтандыру шарты сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру сыйлықақысын бөліп төлеу арқылы төлейтін жағдайда бірінші сақтандыру жарнасын) төлеген күннен бастап жасалған болып есептеледі.
 - 8) Сақтандырушыға сақтандыру төлемі туралы талапты сақтанушы (сақтандырылушы) немесе пайда алушы ретіндегі өзге тұлға сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды қоса бере отырып, жазбаша нысанда, оның ішінде уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес сақтандырушының интернет-ресурсы арқылы ұсынады.
 - 9) Сақтандырушы тәулік бойы сақтандырушының интернет-ресурсын пайдалана отырып, сақтандыру шарттарын жасасу және олар бойынша сақтандыру жағдайларын реттеу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.
 - 10) Сақтандыру агенттерінің сақтанушы мен сақтандырушы арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл арқылы электрондық нысанда сақтандыру шарттарын жасасуға арналған сақтандыру ұйымдарының ақпараттық жүйелерін пайдалана отырып, сақтандыру шарттарын жасасу бойынша қызметіне жол берілмейді;

17. ДАУЛАРДЫ РЕТТЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

- 17.1. Сақтандыру шартынан дау туындаған жағдайда сақтанушы (үшінші тұлға, пайда алушы):
- 1) сақтандырушыға (соның ішінде сақтандырушының филиалы, өкілдігі, интернет-ресурстары арқылы) талаптар көрсетілген және оның талаптарын растайтын құжаттар қоса тіркелген жазбаша өтінішті жолдауға не болмаса
 - 2) “Сақтандыру қызметі туралы” Қазақстан Республикасының Заңында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, сақтандыру шартынан туындайтын дауларды реттеу үшін сақтандыру

омбудсменіне (тікелей сақтандыру омбудсменіне , оның ішінде оның интернет-ресурсы арқылы не сақтандырушы арқылы, сонымен қатар оның филиалы, өкілдігі, өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшесі, интернет-ресурсы арқылы) немесе сотқа өтініш жолдауға құқылы.

- 17.2. Сақтанушы (үшінші тұлға, пайда алушы) сақтандыру омбудсменіне жүгінген жағдайда, сақтандырушы сақтанушының, үшінші тұлғаның (пайда алушының), сақтандыру омбудсменінің сұрауы бойынша дауды қарауға және шешуге қатысты құжаттар сұралған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде беруге міндетті.
- 17.3. Сақтандырушы сақтанушыдан (үшінші тұлғадан, пайда алушыдан) өтініш алған кезде бес жұмыс күні ішінде оны қарап, дауды әрі қарай реттеу тәртібін көрсетіп жазбаша жауап береді.
- 17.4. Сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы), сондай-ақ сақтандырушы сақтандыру омбудсменінің шешімін алғаннан кейін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сотқа жүгінуге құқылы. Бұл ретте сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы) үшін сақтандыру омбудсменінің шешімін орындау міндетті емес.

18. ФОРС-МАЖОР ЖАҒДАЙЛАРЫ

- 18.1. Тараптар форс-мажор жағдайларында, соның ішінде табиғат апаттары, әскери іс-қимылдар, ядролық жарылыс салдары, ереуілдер, азаматтық толқулар салдарынан міндеттемені тиісінше орындау мүмкін болмаса, сондай-ақ бұл мән-жайлар Тараптарға Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына тікелей әсер еткен жағдайда, Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының құқықтық актілеріндегі тыйым салу шаралары болғанда, Шарт бойынша міндеттемелерді ішінара немесе толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.
- 18.2. Еңсерілмейтін күш жағдайлары салдарынан Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындай алмаған Тарап жағдай орын алған сәттен бастап, 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзім ішінде бұл жөнінде екінші Тарапқа жазбаша хабарлап, тиісті дәлелдерді ұсынуы тиіс.
- 18.3. 16.1-тармақта көрсетілген мән-жайларды өкілетті мемлекеттік органдар мен ұйымдар растауы тиіс.
- 18.4. Тиісті түрде хабарламау Тарапты жоғарыда аталған жағдайлардың кез келгеніне осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісті түрде орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатуға негіз ретінде сүйену құқығынан айырады.
- 18.5. Еңсерілмейтін күш жағдайларының әсері 1 (бір) айдан астам уақытқа созылса, Тараптардың кез келгені Шартты біржақты тәртіппен бұзуға құқылы болады.

19. ҚОСЫМША ТАЛАПТАР

- 19.1. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Қағидаларда көзделгеннен өзгеше қағидалар белгіленсе, онда халықаралық шарттың Қағидалары қолданылады.